

ӘОЖ 94 (574)

**ФАРАБИТАНУДЫҢ АТАСЫ АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИДІҢ КЕМЕҢГЕР  
ТҮЛҒАСЫ**

**Қайр Әлихан Нұржанұлы**

kairalikhan09@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

Ғылыми жетекшісі- Набиев Саят Талғатұлы

Өркениеттің шыңы заман тынысы. Осынау шығыс пен батысты түйістірген ұлы адамзат жаршыларына айналған ұлы дарын иелері кім білсін бір ғасырда бір рет қана дүниеге келер. Бәлкім асылдардың құнын ұғына алмай, кейінгі ұрпақтарға парыз етілген білім-ғылым жолындағы көп жылдық еңбектер мен том-том кітап мәніне жете алдық па?

Қазіргі жаһандану кезінде мәдениет пен философия ұштасқан заманда сіз бен бізге белгілі ағарту дәуірінің ойшылы, француз философы Жан - Жак Руссо суреттегендей: «Өмір тым қысқа. Ол қас-қағым сәтте... Өмірде тек адам атқарған жақсылық қана қалады, өмір әрқашан сонымен де құнды», - дейді [1]. Расында, дәл солай екендігіне ешкім куә келтірмейді. Бірақ сөз құдіретін түсінетін, сөзге тоқтай білген қазақ қоғамы неге қараңғылықтың құрсауын білімімен айғара ашуға ұмтылған тұлғаларды дәріптеуі мен еңбектерін насихаттауда неге әлі күнге дейін ұлттық санаға жетпеуде. Талапынан қан сорғалаған кеңестің өткір қылыштың дәуірі кетіп, өзінің өміршең емес екендігін тарих дәлелдеді.

Тарих беттеріне көз жүгіртетін босақ, ұлт кемеңгері, Алаштың азаматтық болмысын паш еткен тұлға - Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани (1906-1997ж.) «қазақта елдік намыс деген сөз бар» деп халық мүддесін өзінен жоғары қойып, ұлт мүддесі үшін бар өмірін арнаған өз басым тәуелсіздіктің зиялы қауым өкілдерінің көшбасшысына санайтын тұлғаның шынай болмысына бойлап, тұлғаны ұрпақ жадында қалдыруға не істеп жатырмыз деген сұрақ? Заман басқа заң басқа қоғамда жола таба білгендігі.

Ал профессор, Машанитанушы: Шамшиден Абдраман: «...Ақжан Машаниді үлгі қылмайтын қазақ зиялысы жоқ қой. Нақты дерек келтірсем, Ақжан Машани 1962 жылы әл - Фарабиді тұңғыш рет ана тілде сөйлетті. Ол «Білім және еңбек» журналында жарияланды. ..1997 жылға дейін 37 жыл бойы мен қасында жүрдім. Әлі күнге дейін менің бүкіл шығармашылығым мен ізденісімнің негізгі бір саласы осы ғұлама болып келеді», - демек кемеңгерлік тұлғаның ашуда бір адамның ғана өмірі жетпейтінін әрі келешек ұрпақ үшін мол мұрасын зерттеу оны дәріптеу келешек мына біздердің парызымыз екендігін сезінеміз [2].

Ғылыми жұмысымның өзектілігі неде деген сұраққа жауап беретін болсам? Ақжан Машанидің өзге қырын айтпағанның өзінде, тек әл-Фараби жөніндегі еңбегі ғана оның аса ірі тұлға екенін танытады. Қазақ халқы үшін шын мәнінде өз тәуелсіздігінен қымбат құндылық болмақ емес! Сол құндылықты ардақтаудың басты шартының бірі бүгін өркениеттің ұлы көшіне ерген тәуелсіз Қазақстан мемлекеті атын тағынған ұлттың болмыс бітімін сақтап қалуда ары үшін жанын пида етуден де тайынбай, «тар жол тайғақ кешкен» азаматтар есімін ұрпақ тәрбиесінің үлгісі қылуымен тікелей байланысты деп білемін.

Міне, кешегі қызылдар төңірегінде жүріп, тілі өте төмен деңгейге дейін құлдырап, дінінен бас тартқызыдырып, діні титықтай бастаған халқының ұлттық рухын жаңғыртуда қауым болып арқалауға 30-40 жыл бұрын дағдыр сыбағасын дара еншілетін жағдай осындай еді. Сөйтіп, әлемдегі екі ұстаздың бірі «әл - мұғалім әл - сани» атанған әл Фарабидің қазақ перзенті екендігін дәлелденді. Бұл - «көшпенділердің өркениетке қолы Кеңес дәуірінде ғана жетті» делінетін коммунистік идеологияның көбесін сөккен соққының алғашқысы болатын,

Сонымен қатар, «1968 жылы А. Машани өз қаржысымен әл - Фарабидің ғұмыр кешкен Таяу Шығыс елдерін аралады. Осы сапарында Дамаскідегі Баб - ас - Сағир зиратынан бабасының қабырын тауып, бір уыс топырағын әкеп Отырар орнына қосты. Сол жолы ол Сирия үкіметінен әл - Фараби басына белгі қоюға өтініш жасап, кейін баба басына құлпытас орнатуға мұрындық болды», - Кім біліпті , егер сол жылы Ақжан Машани Дамаскі бармаса, бәлкім күні бүгінге дейін баба басына белгі де қойылар қойылмасы екі талай еді [1].

Бүгінгі күн ертеңгі тарих дегендей, 2019 жылы 26 тамыз айында ҚР президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жарлығымен «Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылып» ұлы бастамаға жол ашылғаны белгілі. Бірақ біз сол ұлалардың ұлылығын тануға жол ашқан «Фарабитанудың» негізін қалаған тұлға-ға құрмет жасалынды ма?

Қазіргі елордамыз Нұр-Сұлтан қаласында Ақжан әл-Машани атын ұлықтап қандай жұмыс атқарылған. Шындық қай кезде де ащы болатындықтан. Хәкім Абайша айтқанда, «сөз түзелді тыңдаушы, тыңдаушы сен де түзел».

Сонымен қатар, 1971 жылы Мәскеуде өткен ғылым жүйесінің ЮНЕСКО көлеміндегі он үшінші конгресінде әл - Фарабиге арналған симпозиумда Ақжан Машани бастаған

отандық ғалымдарының зерттеулері әл-Фарабидің 1100 жылдық мерейтойына деген халықаралық ғылыми конференцияны КСРО - да, Қазақстанда өткізуге шешім алуына негіз болды. Сөйтіп, ұзақ жылдар бойы дүниежүзілік «екінші Аристотель» атанған әл-Фарабиге ғылыми форум «...1975 жылы 8-13 қыркүйекте - де Москвада басталып, ұлы бабаның өз отаны Қазақстанда – Алматыда аяқталған болатын» Осы кезеңде А. Машани әл-Фараби мұраларын игеруге арналған 32 ғылыми еңбектер жариялап үлгерді. Оның 5 - еуі жеке кітап, монография болатын. Айтулы дерек «Фараби» (1970) тарихи роман бар еді [3].

Ақжан Машаниға дейін әл-Фарабидің бабамыз екенін біліп пе едік? Оған дәлел: ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Рахманқұл Бердібай: «Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін әл-Фарабидің ішіне есімі мен шығармаларын білген адам көп дей алмаймын. Өйткені Кеңес дәуірінде оқып, білім алғандардың бір де бірі мектепте немесе інше жоғары оқу орындарында Фараби жөнінде мағлұмат алып көрген емес. Ол кезде үлкеніміз де, кішіміз де «бұрын Қазақстанда қала, не отырықшылық, мәдениет, мектеп, сауаттылық болмаған, барлық тірі жақсылық кеңестік құрылыстың жемісі» деген жаттанды тезиске бас шұлғып, ұйып қалғандай едік. Дәл осы уақытта халықтың ұйықтаған санасын оятқан бір фидайы ғалым шықты. Ол — Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының мүше корреспонденті, профессор Ақжан Жақсыбекұлы Машанов еді. ...Мамандығы геолог, мұғалімдік, кен инженерін даярлау – ғылыми конференцияларда баяндама, хабарлама жазып, «әлемнің екінші ұстазы» әл-Фараби - қазақ жерінің перзенті, біз оның мұрасын білуіміз, зерттеуіміз керек» деп үн көтерді», - деген тұжымды да сөзімізді айқындайды [4].

Ал ресми құжаттар бойынша тағы тың дүниелер ол Ақжан Машановтың ҚР ҰҒА ның тұңғыш президенті академик Қаныш Сәтбаевқа жазған қызмет хаты сақталған. Хатта: «әл-Фарабидің Тұран мен Арыс бойында, арабша Фараб атанған Отырар елдімекенінде «түрік отбасында дүниеге келген тегі қыпшақ» болғанын айта келіп «ұзаққа созылған іздеу нәтижесінде кітапхана арасындағы абонементпен Лейденнен (Нидерланд) әл-Фарабидің 3 кітабын алдыртуы»: оның екеуі арабша жазылған (1890-1895) «Рисала фисус аль-Хахим» («Ғылымның інжу маржаны») және «Рисал аль-Мадина» («Қайырымды қала»). Бұлар профессор Дистеренидің неміс тілінде жазған алғы сөзімен шыққан әл-Фарабидің өз еңбектері екендігі, ал үшіншісі проф. Бруниелдің неміс тіліндегі «Әл-Фараби хақында мемлекет жүргізу» (1904) кітабы болатын [5].

А. Машанов осынау ғылыми құнды кітаптарды қазақ және орыс тілдеріне аудару қажеттігін президентке мәселе қояды. Қ.Сәтбаевтің бұрыштамасында «Келісем. Іске асырылсын» деп 15 / XI - 60ж. күні көрсетілген қолы тұр» Ал, қазақ қауымында Фарабитанудағы тұңғыш ғылыми зерттеуі Ақжан Машановтың Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысында №5 (1961ж.) жарияланған «Әл-Фараби еңбектері жайлы мақаласы» расында, ғылыми басылым еді. Осы жерде күмәнді мәселе ол, сол жылдары мезгілдік басылымдар әлем таныған тұлғаның қазақ екендігі туралы сүйінші сұрайтынын іліп әкетпей үнсіз қалу себебі неде?

Бұл туралы Ақжан Машани атамыздың «Адами және ғалыми парыз» толғау-үндейінде: «...Баяндамадан кейін сол кездегі Академия президенті Қаныш Сәтбаевқа кірдім. «Осындай жалғандықты мінберде маған айтуға сіздің аузыңыз қалайша барлы. Масқаралық қой» бұл дедім. Сонда ол кісі «сол сөздерді маған ЦК (Орталық комитеттен) жазып берді. Менің кінәм соны оқыған» деп мұнайа отырып шынын айтты», - деп түйіндеген еді. Яғни, Тарихтан сабақ алап, болашаққа нық қадам жасауымыз керектігін ойландырырлық дүние [6].

Сонымен қатар, еліміздегі көненің көзін көрген, ҚР ғылым қайраткері, филология ғылымының докторы, профессор, Тұрсынбек Кәкішев: «Әл-Фарабидің 1100 жылдығы қарсаңында Ғафуровтың Қазақстанға төрт рет келіп, Қонаевтың қабылдауында болғанын білемін .... Егер әл-Фарабидің шыққан тегін анықтап, қазақтар қайтарып алмаса, өзбек ғалымы Қайруллаев докторлық диссертация қорғау арқылы өз бабасы деп айтуына құқы болатын еді әрі меншіктеп алатыны да тағы бар» деп Ғафуровтың қынжылғанын білемін. Ал,

дәл сол кезде Ақжан Машани болса, әл - Фарабиді зерттеушілердің бастаушысы болды», - деп тұлғаның отаншылдық болмасқа деген ұмтылысы мен еңбегін айқындаған [7].

Дәл осыған ұқсас жағдай кейінгі жылдары Әбсаттар Дербісәлі ғалымның Мұхаммед Хайдар Дулати бабамызға арналған зертеу барысындағы «1996 жылы Әмір Темірдің 660 жылдығына орай Өзбекстан Ғылым академиясы Шығыстану институтының ғалымдары «Тарих-и-Рашиди» аударма жасап қателік орын алған» тұстары да бар екендігі. Кейін еліміз 1997 жылдың 3 қарашасында Қазақстан өзінің ұлы перзентінің есімін Тараз мемлекеттік университетіне берді. Яғни, бұдан күтілетін нәтиже тарихқа бей-жай қарауға мүлдем болмайды [8].

Баба ғибратының шапағатын өзінен кейінгі Машантанушыларға сәулесін шашты десек артық айтқанымыз емес. Кесек тұлғалы профессор, Шамшиден Абраман: «...Бұл тұлғадан кейінде дүниеге басқа даналар да келетіні анық... Бірақ олардың араларында дәл әл-Фараби сынды әр-түрлі геометрия мен музыка, астрономия сияқты үш ғылым жүйесіне көп еңбек сіңірген әрі үлес зор ..., аса тың дүние ашқан зерттеушілерді табу қиындығы рас. Аристотель, Птоломей, Платон сияқты ғұламалар енді жөнді игере ала алмаған соң да, өздерітүсініп өздері жазған...», - дегені рас [9].

Бұл – біраз уақыт аралығынла үзілмей әл - Фараби даналығы мен жәдігерін зерттеумен ғұмырын өткізген ғұлама ғалым Ақжан Жақсыбекұлы әл - Машанидің пайымдауынша, «Осынау жолдарды түсіне қарап оқып мән берсеңіз, егер Ақанның жазушылық қыры тек геология, маркшейдерлік мамандықтарымен ұштаспаған болса, егер тұлға замана ағымын сай оны күйттеп, ислам ғылымынан әрі жолынан іргесін аулақ салатын болса, қаншама тер төккенімен ұлы баба мұрасын өзі көтерген ұлы шыңға жеткізе зерттей де алмаған болар еді - ау деген ойға келетінің де тағы бар»- деген еді [11]. Рас, әл - Фарабидің математика саласы мен, әсіресе философиялық трактаттарына тоқталмаған ғалымдар жоқ емес. Бірақ өнерің жүрегі болатын рухани музыка теориясына арналған еңбегін математикалықпен өрнектей келе, геометрияны аспан әлеміне көз салып қазақтың ежелгі аспанды тану ойларын тұжырымдап, бәрін - бәрін ғылым түрінде ислами бағытта табиғат тылсымдарына байланыстыра отыра әл - Фараби тұлғалық болмысына, ұрпағына ұмысттырмастай берген. «...Ақжан Машан атамыздан басқа зерттеуші әзірге арамыздан шыға қойған жоқ» Рас, әл - Фараби заманында бүгінгі біздің -математика ұғымы мен берілетін арифметика мен геометрия дара - дара қарастырылатын [10].

Тағы да бір ерекше жайт, Ақжан Машани қазақ фантастикасының тұңғыш қазығын қаққан қаламгері екендігін әрі ұлт әдебиетінің бір жанрының негізін салған деп батыл айтуға болады. Дәлел ретінде, Машантанушы профессор, Шамшиден Абраман «менің анықтағаным, оның жүз баспа табақтай еңбегі бар. Соның бәрі дерлік менің қолымда деуге болады. ...Өкінішке орай, мұндай аса құнды қыруар еңбек толық жарияланған емес, 1973 жылы жалпы көлемі 15 табақтай «Аль Фараби и современная наука» деген еңбегі әл - Фарабидің 1100 жылдығы қарсаңында баспаға дайындалып қойса да шығарылмай тасталды. Мұнан өткен қорлық болар ма! Орысша айтқанда бұл ұлыларымызға жасалған нағыз дискриминация! «Абай және әл Фараби» деп аталатын ренесансты монографиясы да қысқарып шықты. Сондай-ақ, 1946 жылы оның докторлық диссертациясы Мәскеуде жоғалып кеткен. Мұнда да бір құпия бар екені анық», - дегені ұлтқа қызмет еткен отаншыл, өршіл ұлтқа қызмет істеген тұлғаның заманның тұспағынан құтыла алмағанын көреміз [1].

Сонымен қатар, Ақжан Машанидің ұстанған үш пірі болды – қазақ тілі, діні және қазіргі заманғы ғылым жетістігі. Ол әл Фарабиді зерттеумен айналыса жүріп, елу жасында арабша сауат ашып, намаз құлшылық түріне. Яғни, Ғылыми исламиды қазақ дүниетанымымен ұштастыра білуімен де ерекшелінеді. 1975 жылы намазға жығылғаны, ғибадат үшін қудаламақшы іс қозғала бастағанын қазіргі көнекөз ғалымдардың көбі біле бермейді.

Енді міне, әл – Фарабидің де, әл-Машанидің де заманы туды. Яғни тәуелсіздік алып, өз қолымыз өз аузымызға жететін болды. Әрі тың дерек, Ұлттық ғылым академиясының академигі Рахманқұл Бердібай: «Әл-Машани деген Ақжан ағамыздың жасырын аты ғой. Осы

атпен 1983 жылы Кувейтте шығатын «Әл - Ғараб » басылымында әл - Фараби ғылыми зерттеу мен талдауларына арналған мақала әрі баяндамаларын жариялаған бар» Яғни, бұдан да көре алатынымыз кеңестік өкімет кезеңде қандай үлкен алап әрі қауіпті екенін өзіңізде ойлаған боларсыз. Ел үшін неге болса да барғанын отыншыл, патриоттық жалынды көре аламыз [6].

А. Машани алпыс жылдай үзіліссіз ұстаздық етіп, он мыңдаған кен инженерлерін даярлады. Оның қаламынан туған 300- ден астам ғылыми еңбектер мен ұлттық құндылықтарды дамытар зерттеулердің қатарында тұңғыш рет ана тіліміздегі еңбек 1969 «Кристаллография, минералогия және петрография» сонымен қатар, 1995 жылғы «Геомеханика» оқулықтарының да авторы. Демек, алғаш студенті, тұңғыш түлегі болып аспирантурасын алғаш тәмамдаған оқу орны Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ҰТУ - інде 63 жыл бойы табан аудармай инженердің үш ұрпағын даярлауға атсалысқан А. Машанидің ұстаздық ісінің өзі бір төбе [12].

Ал, қазақ халқының ұлттық құндылықтары мен руханиятының жолында тәрк ету арқылы оны жою саясатын ұстанған кешегі қызыл империя кезінде А. Машанидің өз халқының рухын күйзелтпей дамытуға қосқан азаматтық істерінің басты бағыттары осылар. Ендеше оны марапаттаған Еңбек Қызыл Ту, Ленин ордендері Ақжан тындырған ұланғайыр азаматтық ісінің толық бағасы дей алмаймыз. Әйтпесе, бүкіл әлем ардақтаған «екінші Аристотель» - Әбу Наср әл - Фарабидің 100 жылдық мерейтойын тойлау аясында баба мұрасын классикалық түрде түп дерегімен талдау үшін елу жас шамасында, мешіт ұстаздарынан араб тілінен сауат ашып жүрген А. Машаниді «коммунист профессор мешітке барғаны несі әрі намаз оқиды» деп қудалауы көп нәрсені аңғартса керек.

Тек Д. Қонаевтың «Қартты мазаламандар» деген нұсқауынан соң партия Ақанды жайына қалдырды. Алайда әл - Фарабидің гүламалық болмысын, мұрасын талдау әрі зерделеу Машаниге бабасы тәрізді ислам жолын таңдаудың қажет екендігін Шәймерденов тәрізді сойылын соққандар қайдан түсінсін... Әл - Фараби мұрасын зерттеу үшін Ақжан Машани пайымдауынша ең қажеттіліктің бірі: «әл - Фараби барлық өмірін шындық пен шынышылдықтың ақ жолына, халықтың қамы мен қарекетіне жұмсаған, ол - әулие. Онымен әл- фарабитанушы деген адам өзі де ұқсап бағу керек. Олай болмаған күнде ісінің ешбір қайыры болмайтындығы» деген еді [9].

Егер ХХ ғасырда Қазақстан ғылымының басты жетістігінің бірі әл - Фараби мұрасын игеру десек және бұған қоса Жер ғылымының жаңа саласының негізін салған А. Машаниді өзі негіз қалаушылардың бірі болған ҰҒА - ның толық мүшесіне саналмай «Ғылым мен техникаға еңбек сіңірген қайраткері» атағы ғана оған жасаған моральдық репрессия, тұлғаның дұрыс мойындалмауы деп қарау керек.

Дей тұрсақта, 1997 жылы мамырдың 2 - не қараған түнінде фәниден 90 еңсерген шағында өтіп, ұлы кеменгер ғұмырының соңғы кезіне дейін зерттеуі мен қаламын тастамай әл - Фараби мұрасын зерделеу арқылы, жоғарыда айтылған көп еңбектерін ауыр науқаспен арпыласқан жағдайда жазған А. Машанидің рухын қызылдың қыспағы да күйрететіні алмағанды.

Ақжан Машани пікіріне құлақ түрейікші алдымен: «енді өткенге ой жіберсем коммунистерге әл - Фарабиді туған халқынан аластатудағы мақсаты «қазақ атамыз жуас түйе жүндеуге жақсы» дегендей қазақты бұйдалап, орыстардың жетегіне біржола көсемдеп ұстап, туысқан түрік ағайынымыз өзбек халқы мен - қазақ арасына жік салу екендігі белгілі ... Әлі күнге дейін біздерге «Әл - Фарабиды зерттеме» деп ашық тиым салынбағандығы шындық, жұмыла бастаған істі шегенделіп тастады деп те айта аламыз ба?! Әрине, жоқ. Өйткені ондай қанша зұламат жылдар болса да еліміз Қазақстанда басталған жоқ екендігіе тарих куә. Бастық түріне әрі көңіліне қарай келе емеурінін ернінен тануға даяр тұратында «тіл алғыш халықтығымыз» шаш ал десе де, бас алатындығымызды кімнен көріп айыптаймыз.? 32 - інің зұлматы әрі, 37 - нің қара түнегі мен қан шенгелінен белсене кірісіп жасасқан өзіміз емес пе едік, ағайын! ..», - деген еді [13].

Жарайды қызыл империя саясаты өз жүйесінде болса деп қарастырсақ. Енді егемендікке көтерілген 30 жылдан төңірегінде әл - Фараби заманы туғанда баба мұрасын

игеруді ойластық па? Көшені мен университетті атау - баба мұрасын игеру еместігін қашан түсінеміз. Егер әл - Фарабисынды алыпты жастарды тәрбиелеуде тағылым етсе, ұрпағы оның мұрасы төңірегінде топтасса, қазақ ел болар еді - ау! Ендігі жалтақтығымызға жол болсын ?!

Саналы ғұмырынын төрттен үш бөлігін арамызда жүріп ұлтымыздың рухани дүниесін жаңғыртуда өшпес мұра қалдырған әл - Фараби бабасынан Гибраттанған ғұлама тәлімін инженерлер тәрбиесінің қолданысына айналдыру бізге парыз .

Москвадан шығатындығы ғана біз үшін, бүтін қазақ үшін ұлы бабамызға оң қарауға Кремль берген ресми рұқсаттан кем соққан жоқ. Тарих жадында қалған, «кешегі, көшпенділерде мәдениет те, білім де жоқ, бәрі ұлы орыс халқының аркасында ...» делінетін қасаң идеологияның зардабы осындай болды. Сол кезде түрлі ғылыми жиналыстарда әл Фараби туралы хабарлама жасаған кездерде Ақаң атамызға «Машанов сіз инженерсіз — дәл ғылымның өкілісіз, ендеше нақты фактіңді көрсет» дейтіндер де, «Ақжан - ау мынау сәлде байлаған молдана жол болсын» деп әзілдеген болып бойын аулақ ұстағандар да көп болды [11].

Ғылыми баяндама соңын қорытындылай келе, ҚР ғылым қайраткері, филология ғылымының докторы, профессор, Тұрсынбек Кәкішев пайымдағандай, «Әл - Фараби туралы алғаш зерттеу, көркем шығарма, еңбек жазған Ақжан Машанидің есімін құрметтеп, кең ауқымда жылдығын атап өту бізге, қазақ жұртына парыз. Мұны ЮНЕСКО көлемінде ме, жоқ болмаса басқадай ауқымда ма, қалай да лайықты етіп өткізу – бізге сын. Кезінде ЮНЕСКО көлемінде атап өтуді былай қойып , тіпті батырлық атақты берудің өзінде қазаққа сарандық жасалды ғой. Енді дербес ел болғаннан кейін мұндай шараны өткізу өзіміздің қолымызда десек те болады» [4],- деген еді.

Сонымен қатар, үлкен мәселе Ақжан Машанидің ҚР ҒА алғашқы негізін салушылардың бірі болса да, толық мүше еместігі, Ақаң дәріптеуде қарсы шығушылар да табылады.

Жас тарихшы ретінде, біздің мақсатымыз келешек ұрпақ жадына дінім, ділім, елім, жерім, тілім деген барша Алаш азаматтарын ұрпақ жадынан өшірмей барыша насихаттап. Тәуелсіздіктің қан мен терден келгендігін, қадірін түсініп әрі «21 ғасыр білім мен ғылымның заманы» екендігін ескеріп болашаққа нық қадаммен аяқ басамыз.

### Қолдалынған әдебиеттер тізімі

1. Фараби гибратты ғалым: Ш.Абдраман.- Алматы, 2006. – 397б., «Ұлы тұлға»
2. Әл-Фараби көпірі. Көп томдық шығармалар жинағы, – Алматы: Алатау, 2005ж. Т- 1.
3. Екінші Аристотель: [әл-Фарабидің туғанына 1100 жыл толуына] // Жұлдыз, – 1973. №9. – 166-169 б.
4. Әл-Фараби ұлылығын ұғындырған әл-Машани // Дала, – 2001.-112-119 б.
5. Естен кетпес күндер //Заңғар: (Қ. Сәтбаев туралы естеліктер).- Алматы: Айқас.1999.-149-154 б.
6. Машановтың өмір асулар. Әбдіраманов Ш.А. Ақжан Жақсыбекұлы.- Алматы,-196.-104 б.
7. Нұрпейісова М. Б. Ғұлама: Машанов А. Ж. // Қазақ әдебиеті, - 2004. – 1 қазан.
8. М.Х. Дулати. Библиографиялық көрсеткіш.- Тараз,-2018.- 64 б.
9. А. Машанов. Әл - Фараби және Абай. -Алматы: Қазақстан , 1994.-192 б
10. Дербісәлі Ә. Ғұламаның шапағаты: ғалым А. Ж. Машанов туралы естелік // Қазақ әдебиеті. -2003.- 13 маусым.
11. Ақжан Жақсыбекович Машанов: Некролог // Вести. МН и ВО НАН РК.- 1997.-№3. 91 б.
12. Абдраман Ш. А. Дүниетанымы аспенмен астасқан ұлт: А. Машани-100 // Жұлдыз. -2004. - №3.- 148 б.
13. Адами және ғылыми парыз: Ықшамдап ұсынған Ш. Әбдіраман // Ана тілі,- 1996.